

Тұрақты ауыл шаруашылығы және болашақ агрожүйелер саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі дайындықты жетілдіру

1 шығарылым, қыркүйек 2020

Грант

Бағдарлама:	Erasmus +
Негізгі әрекет:	Инновациялар саласындағы ынтымақтастық және үздік тәжірибелермен алмасу
Әрекет:	Жоғары білім беру саласындағы әлеуетті арттыру

Жоба ұзақтығы

15.01.2020-14.01.2023

Жоба сипаттамасы және негізге фактілер

Мазмұны

Негізгі фактілер.....	1
Нысаналы топтар.....	2
Жобаның басталу	3
Іс-шаралар.....	4
SAGRIS серіктестері мен байланыстары....	5

Жоба халықаралық сапа стандарттарына сәйкес аспиранттар мен докторанттарды даярлауды жетілдіруді мақсат етіп отыр, сондай – ақ тұрақты ауыл шаруашылығының және болашақтың агрожүйесінің проблемалары мен міндеттерін шешу үшін тиімді шешімдер қабылдау кезінде пайдаланылатын түбегейлі жаңа білім беруге - ұлттық және халықаралық маңызы бар тақырыптарға ұмтылады.

Ресей мен Қазақстанның ландшафтары мен экономикасы үлкен ауыл шаруашылығы алаңдарымен сипатталады. Екі елдің саясаты аграрлық сектордың инновациялық дамуын өз қызметінің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырады. Барлық қабылданған шаралармен қатар білікті мамандар мен инновациялық әлеуеттің жетіспейтіндігі байқалады. Барлық деңгейлерде (фермерлер, орта және жоғары буын мамандары) адами әлеуетті арттыру, сондай-ақ жоғары оқу орындарының қызметін жетілдіру жөніндегі бастамалар орын алған кемшіліктерге жауап болды. Болон процесіне қосылудағы және оны жоғары оқу орындарында іске асырудағы прогреске қарамастан, жас талантты ғалымдардың "ақыл-ойының кемуі", сондай-ақ аспирантура мен докторантура бойынша жетілмеген және ескірген білім беру бағдарламалары жоғары оқу орындарының халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігіне кедергі келтіреді.

Жоба мақсаттары

1 мақсаты:

ауыл шаруашылығы ғылымдары мен инновациялары үшін өзекті болып табылатын пәнаралық мазмұнды және трансдисциплинарлық тәсілдер бойынша докторанттарды даярлау үшін әртүрлі өңірдің 8 жоғары оқу орындарында үшінші циклдың (докторантураның) білім беру бағдарламаларына төрт модульді әзірлеу және енгізу;

2 мақсаты:

халықаралық стандарттарға сәйкес және үздік тәжірибелердің мысалында докторантурада оқытуды жүзеге асыру үшін серіктес университеттердің кадрлық әлеуетін, әдеби базасын және жабдықталуын арттыру;

3 мақсаты:

жоба аясында серіктестер арасындағы зерттеулер бойынша халықаралық және өңіраралық академиялық ұтқырлық пен ынтымақтастықты нығайту;

4 мақсаты:

Қоғаммен үздік тәжірибелермен алмасу мақсатында ауыл шаруашылығы ғылымдары саласындағы үшінші цикл (докторантура) білімі бойынша жоғары оқу орындарының сарапшылық желісін құру.



Сурет: Александр Плужников

Жоба Еуропалық Комиссия қаржыландыратын Эразмус+ бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Осы жарияланымның/материалдың мазмұны автордың жауапкершілігі болып табылады және Еуропалық Комиссияның көзқарасын білдірмейді

SAGRIS нысаналы топтары

Студенттер

Бұрын қабылданған және әлеуетті аспиранттар тақырыптық және әдіснамалық модульдерді оқу, үшінші циклдің жаңартылған бағдарламалары бойынша оқыту және блок - семинарларға қатысу кезінде өз білімдері мен дағдыларын жетілдіреді. Аспиранттар/докторанттар тұрақты ауыл шаруашылығы үшін пәнаралық және трансдисциплинарлық тәсілдер бойынша кәсіби білімдерін тереңдетеді. Ұтқырлық және сол ғылым саласындағы отандық және халықаралық сарапшылармен ынтымақтастық мүмкіндігі аспиранттардың кәсіби болашағын дамыту мәселелерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Академиялық қызметкерлер

Оқытушылар жобаның нәтижелерін пайдалана отырып, тұрақты Ауыл шаруашылығы мен болашақтың агрожүйесі салаларында өз біліктіліктерін және әлеуетін арттырады, осы салалардағы пәнаралық және трансдисциплинарлық ынтымақтастық нығаяды. Академиялық алмасу арқылы үшінші сатыдағы білім беруді дамыту және оның сапасын қамтамасыз ету бағаланады; оқу-әдістемелік материалдар үздік әлемдік тәжірибелер негізінде және қауымдастырылған сарапшылар мен шақырылған консультанттардың қатысуымен әзірленеді.

ЖОО

Университеттер үшінші цикл бағдарламаларының сапасын арттырады, оқытудың инновациялық әдістерін енгізеді, кітапхана қорын толықтырады, оқыту сапасын арттырады және білім беру бағдарламаларын жетілдіреді. Консорциум жоғары оқу орындарының тәжірибе алмасуы диссертацияға қойылатын халықаралық сапа стандарттарын тереңірек түсінуге ықпал етеді. Ауыл шаруашылығы ғылымдары саласында аспирантура/докторантура деңгейінде білім беру сапасын арттыру бойынша шешімдер мен ұсыныстар әзірлеу жүзеге асырылады.

Ғылыми қауымдастық

SAGRIS тұрақты Ауыл шаруашылығы және болашақ агрожүйелер саласындағы ғылыми желілік өзара іс-қимылды кеңейтеді және ынтымақтастық, кері байланыс және сыртқы бағалау үшін басқа білім беру ұйымдары мен ҒЗИ ғалымдарын тартады. PFA және ҰАҒБО жобаны іске асыру және модульдерді әзірлеу барысында өзінің ғылыми үлесін қосады және ғылыми нәтижелерді ғылыми қоғамдастық арасында танымал етеді.

Үкіметтік құрылымдардың өкілдері

Жоба үкіметтік құрылымдардың назарын аударуды және тұрақты Ауыл шаруашылығы мен болашақтың агрожүйелері саласында үшінші циклды қалыптастыруды жетілдіруде ортақ мүдделерді бірлесіп ілгерілету үшін желілік құрылымды құруды мақсат етеді.

Сарапшы - практиктер

SAGRIS шағын және орта Инновациялық кәсіпорындарға, ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне, коммерциялық емес және қоғамдық ұйымдарға, сондай-ақ басқа да мүдделі тараптарға жобаны іске асыру барысы, оның жетістіктері мен нәтижелері туралы хабарлайды.

Кең қоғам

Жоба қалың жұртшылықпен өзара іс-қимылды өзінің мақсаты етіп қояды, өйткені ол қоғаммен байланыстырушы буын болып табылады, халықтың болашақтың агрожүйелері туралы білім деңгейін арттыруға, зерттеу тақырыптары мен оларға деген көзқарастарға әсер етуге, қолданбалы және практикаға бағдарланған зерттеулер саласындағы жоғары оқу орындарымен кооперацияны жақсартуға, мамандарды стратегиялық ойлауға үйретуге арналған.

Артықшылықтары туралы көбірек білгіңіз келеді ме?

Өзіңізді мақсатты топтардың бірінен таба алдыңыз ба?

Ынтымақтастыққа мүдделісіз бе?

Бізге хабарласыңыз



Co-funded by the Erasmus+ Programme of the European Union

Брюссельде'20 грант иегерлерінің кездесуі

2020 жылғы 27-28 қаңтарда Брюссельде Білім, аудиовизуалды оқыту құралдары және мәдениет жөніндегі атқарушы агенттік (EACEA) Erasmus+ (жоғары білім беру саласындағы әлеуетті арттыру) жобаларының грант иегерлерінің кездесуін ұйымдастырды, олардың гранттық өтінімдері 2019 жылы қолдау тапқан. Брюссельде Білім, аудиовизуалды оқыту құралдары және мәдениет жөніндегі атқарушы агенттік (EACEA) Erasmus+ (жоғары білім беру саласындағы әлеуетті арттыру) жобаларының грант иегерлерінің кездесуін ұйымдастырды, олардың гранттық өтінімдері 2019 жылы қолдау тапқан. 79 елден 420-дан астам қатысушы бір алаңға жиналды. Іс-шараға SAGRIS жобасының менеджерлері Нюртинген-Гайслинген университетінен Анна Борсук және Новосібір МАУ-нен Любовь Шмидт жобаны басқаруға жауапты консорциум университеттерінің өкілдері ретінде қатысты. Кеңес шеңберінде EACEA, Ресей мен Қазақстандағы Erasmus+ Ұлттық кеңселерінің жоба басшыларымен және жоба өкілдерімен екіжақты кездесу ұйымдастырылды. Кездесуде жобаны іске асырудың өзекті мәселелері мен аспектілері талқыланды.



Оңнан солға қарай: Анна Борсук (Нюртинген-Гайслинген университеті), Любовь Шмидт (Новосібір мемлекеттік аграрлық университеті)




Оңнан солға қарай: Анна Муравьева, Ольга Олейникова (Ресей Erasmus+ Ұлттық кеңсесі), Гульмира Куттыбаева (Қазақстан Erasmus+ Ұлттық кеңсесі), Анна Борсук (SAGRIS жобасының менеджері, Нюртинген-Гайслинген университеті), Анне Шпангемахер (SAGRIS жобасына жауапты, EACEA атқарушы агенттігі)



Оңнан солға қарай: Анна Борсук (Нюртинген-Гайслинген), Любовь Шмидт (Новосібір МАУ)

Жобаның басталуы және басқару комитетінің бірінші отырысы

6-8 ақпанда Нюртинген-Гайслинген университеті (үйлестіруші-ЖОО) жобаның Басқарушы комитетінің бірінші отырысында Еуропадан Орталық Азияға, Сібірге және Қиыр Шығысқа дейін кең географиялық қамтуды білдіретін SAGRIS жобасының барлық серіктестерін қарсы алды. Кездесу әріптестердің жобаның мақсаттары, міндеттері және жоба бойынша әзірленген жол картасы туралы пікір алмасу мен талқылауына жемісті платформа болды. SAGRIS сияқты ауқымды жобаны іске асыру мұқият ойластырылған құрылымды және жұмыс істейтін органдарды қамтиды, сондықтан басқарушы комитет жобаның жұмыс топтарын құруға, серіктестер арасында жауапкершілікті бөлуге, жобаның сапасын бағалау рәсімін мұқият пысықтауға, оның нәтижелерін таратуға және жобаны басқаруға назар аударды. Кездесудің негізгі бөлігі оқудың үшінші кезеңіне арналған SAGRIS модульдерін әзірлеу, сондай-ақ үшінші циклдік білім беруді жетілдіру бойынша ынтымақтастық желісін құру мәселелеріне арналды.




Оңнан солға қарай: Любовь Шмидт, Алия Исмаилова, Надежда Мелешенко, Анаркул Тусинбаева, Бригитте Кауфманн, Гульшат Гайкамал, Ирина Богдашкина, Юлия Борисова басқарушы комитеттің отырысында



Оңнан солға қарай: Роджер Эванс, Аксель Шверк, Иван Кочиш, Константин Нифонтов, Галина Мотова, Святослав Сериков, Нургуль Кыдырмина. Михаль Лоштак басқарушы комитеттің отырысында




Оңнан солға қарай: Галина Мотова және Елена Савиных (НЦПА) басқарушы комитеттің отырысында




Оңнан солға қарай: Юлия Борисова және Абзал Абдраманов (ҚазҰАУ) жобаны таралуына жауапты топтың отырысында



Маргарита Новгородова (АМАТУ) бас комитет отырысында баяндамамен



Оңнан солға қарай: Ирина Богдашкина және Гульжамал (БҚАТУ) модульді әзірлеу бойынша жоғары оқу орындары арасындағы жұмыс тобының отырысында



Оңнан солға қарай: Юлия Безгина және Святослав Сериков (Ставрополь МАУ) желілік өзара іс-қимыл жөніндегі топ отырысында

SAGRIS бойынша ілгерідегі іс-шаралар

- Жобаны іске асыру барысында SAGRIS модульдерін әзірлеу және оларды пилоттық енгізу негізгі іс-шаралары болып табылады.
- Ресей мен Қазақстанның жоғары оқу орындарының модуль әзірлеушілерінің әлеуетін арттыруға қызмет ететін ЕО елдерінің серіктес университеттеріне оқыту сапарлары.
- Ресей мен Қазақстанның жоғары оқу орындарының аспиранттары/докторанттары үшін жетекші отандық және шетелдік сабақтас ғылым салаларының сарапшыларын тарта отырып блок-семинарлар өткізу.
- Жетекші ғалымдардың, шетелдік сарапшылардың және қалың жұртшылықтың қатысуымен екі ашық қоғамдық конференция. Конференциялар тұрақты ауыл шаруашылығы саласындағы өткір мәселелерге және әріптес елдерде үшінші циклдік білім беруді қалыптастыруға арналады.
- Және тағы басқалар...

Бізді әлеуметтік желілерде қадағалаңыз:

 Sustainable Agriculture and Future Farming Systems

 @sagris_erasmusplus

 www.sagris.org

SAGRIS серіктестері және байланыс ақпараты

Еуропа одағының серіктестері

Нюртинген-Гайслинген университеті

Жоба үйлестірушісі:

проф. Хайнрих Шюле

E-mail: heinrich.schuele@hfwu.de

Жоба менеджері:

M.Sc. Анна Борсук

E-mail: anna.borsuk@hfwu.de

Варшава жаратылыстану ғылымдары

университеті, проф. Аксель Шверк

E-mail: axel_schwerk@sggw.edu.pl

Чех жаратылыстану ғылымдары

университеті, д-р Михаль Лоштак

E-mail: lostak@pef.czu.cz

Тропиктер мен субтропиктердегі неміс ауыл

шаруышылығы институты

проф. Бригитте Кауфманн

E-mail: b.kaufmann@ditsl.org

Эстон жаратылыстану ғылымдары университеті,

проф. Роджер Эванс

E-mail: evanter.ou@gmail.com

Академиялық емес серіктестер

Ұлттық кәсіби және қоғамдық аккредиттеу орталығы

Галина Мотова

E-mail: g.motova@ncra.ru

Ресей ғылым академиясы

Ирина Донник

E-mail: imdonnik@presidium.ras.ru

Аккредиттеу және рейтингті тәуелсіз агенттігі

Нургуль Кыдырмина

E-mail: nurgul@iaar.kz

Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы

Анаркуль Турсинбаева

E-mail: anara1971@bk.ru

Ресей Федерациясының ЖОО-ы

Ставрополь МАУ

Святослав Сериков

E-mail: serikovss@mail.ru

Новосибирск МАУ

Любовь Шмидт

E-mail: lyubov-83@bk.ru

Бурят МАША

Эржэна Имескенова

E-mail: imesc@mail.ru

Арктика МАТУ

Konstantin Nifontov

E-mail: kosnif@mail.ru

Қазақстан ЖОО-ы

С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

Алия Исмаилова

E-mail: ismailova61@mail.ru

ҚазҰАЗУ

Юлия Борисова

E-mail: yuliyakaznau2015@gmail.com

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан АТУ

Ирина Богдашкина

E-mail: bogiv1@yandex.kz

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай МУ

Гульшат Шайкамал

E-mail: gulshat_kos@mail.ru

Қауымдастырылған серіктестер

Ресей Федерациясының ауыл шаруашылығы министрлігі

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі

 Sustainable Agriculture and Future Farming Systems

 @sagris_erasmusplus

 www.sagris.org